

Қоғам және мәдениет



САБАҚ ЖОСПАРЫ:

- * Қоғам ұғымы, мәні және жалпы сипаты.
- * Қоғам философиялық ұғым ретінде.
- * Қоғам құрылымы. «Қоғамдық сана» ұғымы.
- * Қоғамның типтері.
- * Мәдениет ұғымы, оның табиғаты мен мәні.
- * Қазақтардың ұлттық мәдениеті



ҚОҒАМ БҰЛ-



Қоғам – белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан қарым-қатынас жүйесі және адамдардың тіршілік әрекеті. Қоғам жеке индивидтерден тұрады, бірақ олардың сомасына кірмейді. Бұл біртұтас, өзін-өзі дамытатын әлеуметтік организм. Қоғамның жүйелілігі оның бөліктерінің – әлеуметтік институттардың, әлеуметтік топтардың және жеке индивидтердің өзара байланысы мен өзара тәуелділігінің ерекше тәсілімен қамтамасыз етіледі.



ҚОҒАМНЫҢ

философиялық ұғымы екі басты белгіні қамтиды:



1. Қоғам табиғаттың оқшауланған бөлігі;



2. Әлеммен тұтас байланысты бола отырып, бұл бөлік өзінің ерекше заңдары бойынша дамиды.

Қоғам құрылымы

Кез-келген басқа күрделі жүйе сияқты қоғам кіші жүйелерден, адам қоғамының ірі элементтерінен тұрады, олардың ішіндегі ең маңыздысы қоғамдық өмірдің салалары деп аталады. Қоғамның өмір сүру саласы-әлеуметтік субъектілер арасындағы тұрақты қатынастардың белгілі бір жиынтығы.

Дәстүрлі түрде қоғамдық өмірдің төрт негізгі саласын бөледі:

- әлеуметтік (халықтар, ұлттар, сыныптар, жыныстық-жастық топтар және т. б.);
- экономикалық (өндірістік күштер, өндірістік қатынастар);
- саяси (мемлекет, партиялар, қоғамдық-саяси қозғалыстар);
- рухани (дін, мораль, ғылым, өнер, білім).



ҚОҒАМДЫҚ САНА

Қоғамдық сана – қоғамның рухани өмірінің, адам ойында шындықтың бейнеленуінің барлық түрлерін қамтитын философиялық категория; әртүрлі әлеуметтік қауымдастықтардың өмір сүруі процесінде пайда болатын адамдардың әлемге және өздеріне деген қатынастарының рухани тәсілдерінің жүйесі. Оған қоғамдық идеялар, теориялар, саяси, құқықтық, адамгершілік, эстетика, философия және діни қозғалыстар, ғылыми білімдер, т.б. жатады. Қоғамдық сана әлеуметтік сезімдер мен көңіл-күйлерді, әдет-ғұрыптар мен мінез-құлықтарды, қалыптасқан дәстүрлерді, ұлттар мен халықтардың психикалық кейіп ерекшеліктерін де қамтиды. Қоғамдық сана қоғамдық болмыстан туып, соның бейнесі мен туындысы болып табылады.



Қоғамдық сананың түрлері объективтік дүние мен қоғамдық болмыстың адам санасында бейнеленуін көрсетіп, адамның тәжірибелік іс-әрекеттерінен байқалып, қоғамның рухани мәдениетінің құрамдас бөлігіне айналады. Қоғамдық сананың түрлері:

- саяси сана таптар, ұлттар, әртүрлі топтардың, мемлекеттердің қатынасын қарастырады;
- құқықтық сана мақсаты - демократиялық заңдар арқылы теңдік, әдептілік қағидасын, адам бостандығын қорғау;
- моральдық сана (лат mores - әдет-ғұрып) - ар-ұждан, міндет-парыз, абырой, адамгершілік және әдептілікті өмір мақсаты тұтып, өмірдің барлық салаларында адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін реттеу функциясын атқаратын әлеуметтік институт;
- эстетикалық сана - өнер, әдемілік адам қызметінің өзгеше түрі. Көркемдік тұрғыдан берілетін шындықтың бейнесі, дүниені игерудің аса маңызды тәсілі;
- ғылыми сана - қоғамдық саналардың бәріне тікелей қатысты теориялар жиынтығы және т.б.



ҚОҒАМНЫҢ ТИПТЕРІ.

Ақпараттық қоғам —

өндіріс пен ғылыми-техникалық және басқа ақпаратты қолдануды қоғам дамуының басты факторы ретінде қарастыратын әлеуметтік және футурологиялық тұжырымдама;

«Жабық қоғам» —

догматты түрде жеке басқа табынушылықты, сондай-ақ дамудың ерте кезеңдеріне тән сипаттармен, жаңару, жаңғыруларсыз, ілгері қозғалыссыз тұрып қалу мәнін білдіреді

Постиндустриалдық қоғам —

экономикалық дамыған елдердің «индустриялықтан», «индустриялықтан кейінгі» қоғам типіне өтуімен сипатталатын қазіргі жағдайын білдіретін ұғым. Бұл терминде аталмыш қоғамның қызмет көрсету экономикасын қалыптастыру, ғылыми-техникалық мамандардың басымдылығы, жаңа «интеллектуалды» техниканы жасау сияқты негізгі белгілер қалыптастырған.

Урбандалу

еңбек бөлінісінің қоғамдық және аумақтық тұрғыдан тарихи қалыптасуынан пайда болып, әлемнің әртүрлі елдері мен өңірлерінің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес дамитын әлеуметтік экономикалық, демографиялық, географиялық секілді көп жақты қырлары бар күрделі құбылыс.


Ашық қоғам —

мемлекеттің ішкі саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жүйелерінің деңгейін білдіретін ұғым; Карл Поппердің «еркін қоғам» концепциясы, мұнда білімнің барлық түрлері және кез-келген әлеуметтік саясат ашық сыналады. бір қабаттан екінші қабатқа өту ресми түрде шектелмейтін қоғам.

МӘДЕНИЕТ ҰҒЫМЫ, ТАБИҒАТЫ МЕН МӘНІ.

Латынның «культура» сөзінің бастапқы мағынасы жерді өңдеу, оны күту, мұқтажына бейімдеу дегенді білдіреді. В.Даль «культура» сөзінің мынадай мағыналарын берген: «өсіру», «өңдеу» және «күту», «білім, ақыл-ой және ізгілік». Цицеронда біз бұл терминнің ізденуден туған міндеттерге, адам миының дамуына байланысты барынша кеңірек қолданылғанын көреміз. Мәдениеттің толығырақ мағынасын неміс философы Г.Ф.Гегель табиғи көзқарасқа орайластырылған адамның «екінші табиғаты» және «екінші ақиқат» деп атап көрсетеді.





Мәдениеттің маңызды міндеттерінің бірі – ізгіліктік болып табылады. Адамдар ерте заманнан-ақ мәдениеттің басты міндетін адамзатты рұхани жетілдіру деп түсінді. Мәдениет жеке адамды дамытуға, оның рұхани өсуі мен еркіндік деңгейін қамсыздандыруға тиіс. Қытайда мәдениетті «ЖЭНЬ»-адамгершілік түсінігімен мағыналас деп қарастырады.

Швейцариялық психолог, психоаналитик, мәдениет зерттеушісі, Карл Густав Юнгтың концепциясына сәйкес, мәдениеттің қалыптасуында адамдардың образдарын, ойларын, сезімдерін қалыптастыратын; миф, ертегілер, аңыздарда көрініс тапқан ұжымдық жадыны сақтайтын уақыттық жүйелерден тыс мәдениеттің архетиптері (қоғамдық бейсаналылықтың психикалық құрылымдары) негізгі роль атқарады.



ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІНІҢ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ОНЫҢ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ДАМУЫ.


Бірнеше ғасырлық отаршылдық және тоталитарлық сана үстемдігі салдарынан рухани күйзелісті бастан өткізіп, саяси тәуелсіздігіне енді қол жеткізген Қазақстан бүгінгі күні әлемдік тарихтағы уақыт бағаны мен қазіргі заманғы әлеуметтік кеңістікте өзін-өзі орналастырып айқындалу міндетімен бетпе-бет келіп отыр. Тарихи сананың деформациясынан кейін ұлттық бірегейлік пен мәдени тұтастықты қалыптастыру ең көкейтесті мәселенің біріне айналды.

Жаһандану жағдайында батыстың өзі дәстүрлі еуроорталықтық көзқарастардан бас тартып, шығыстық рухани құндылықтарға иек артып жатқан тұста өз-өзінен жеріген халықтардың ұлттық апатқа ұшырауы әбден мүмкін. Уақытында бірлік пен ынтымақты қастерлеп өткен ата-бабаларымыздың осы өсиеті тарихи тағдырдың талайымен мәдени әртекті қоғамға айналған біздің елімізде өзінің көкейтестілігімен ерекше көзге түсіп отыр. Осы тұста елімізде ұлттық бірегейлікті, мәдениетімізді жаңғырту мақсатында “Рухани жаңғыру” бағдарламасы қолға алынған болатын





Рухани жаңғыру Елбасы атап көрсеткендей, Ұлттық бірегейлікті сақтау бөлімінде ұлт үшін қажет өте өзекті жайлар қамтылған. Өркениет көшіне ілесуді әр мемлекет әрқалай, өзінің ұлттық құндылықтарына қарай лайықтап алады. Бүкіл ізгілік әлем халықтарына ортақ, жер шарын мекендейтін бүкіл ел тарих бетінде ең әдемі естеліктермен, ең ізгі істерімен қалғысы келеді. Ол бірақ біреудің қолынан келеді, ал, енді бір ұлт шынайы өмірге әділетті қарау теориясынан ауытқиды. «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.



Назарларыңызға рақмет!

